Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.II, ч.2. – Б. 239

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДА ТҮЙЕ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ДАМЫТУ

Өркен Ж.

Еліміздің азық-түлік кешені жүйесінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту ауыл шарушылығы саласының басым бағыттарының бірі болып табылады.Осы орайда жоғары сапалы, экологиялық тұрғыда таза және бәсекеге қабілетті өнімді (ет, сүт және жүн) өндірудің қосымша қоры бар мал шаруашылығының дәстүрлі саласының бірі - түйе шаруашылығы.

Еліміздің тұрғылықты халқы ықылым заманнан бері түйе шаруашылығымен айналысады. Төрт түліктің ішінде түйе малын байлық ретінде де, көлік ретінде де, азық ретінде де қатты қастерлеген.

Қазақстанда 180 млн. гектардан аса жайылымдылық жердің 80 млн гектары шөл және 36 млн гектары шөлейіт аймақта орналасқан. Бүгінде осы жайылымдылық жердің 43% ғана пайдаланылуда.

Бұл мал шаруашылығын дамытуға орасан пайдалы бағанлы мүмкіндік бар екенін көрсетеді. Жергілікті халықтың ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесі осындай өнімділігі төмен жайымдылық жерді қой, жылқы және түйе шаруашылықтарын епті үйлестіру арқылы ғана тиімді пайдалануға болатынын айқындайды. Түйе малы республиканың қатал климаттық және азық жағдайларында өмір сүруге бейім болғандықтан жайылымдылықты басқа ауыл шаруашылығы малдарына зиянын тигізбей жыл бойы пайдалана алады. Бұл аз шығынмен өзіндік құны төмен өнім алуға мүмкіндік береді.

Қазіргі кезде республикадағы түйе санының даму бөлігін қарастыратын болсақ 80% Маңғыстау (46,5 мың бас), Атырау (31,4), Қызылорда (28,1), Ақтөбе (16,6) облыстарында өсірілуде. Жалпы, асыл тұқымды түйе саны республикадағы түйе санының 10% пайыздан төмен бөлігін қамтиды. Бүгінгі таңда түйе шаруашылығы қорын жалпы саны 16,5 мың бастан тұратын 36 асыл тұқымды мал шаруашылығы құрайды. Сонымен қатар, республикада ет, жүн өндіруден түйе шаруашылығы айтарлықтай дамуға ие болуда. Бұл салада сүт өндірісі түйе шаруашылығындағы перспективалы бағыт. Түйе шаруашылығы дамытуымызға үлкен мүмкіндікті қажет етеді.

Көптеген шаруа және фермерлік қожалықтарында, үй жағдайы жөнінде айтпағанның өзінде селекциялық жұмыс тіпті жүргізілмейді де. Аталған саладағы бұл жағдай түйе шаруашылығында малдың асыл тұқымды құндылығын бағалайтын арнайы дайындалған мамандардың болмауынан қалыптасып отыр.

Республикамыздың түйе шаруашылығын дамытуға қатысты ауқымды әлеуеті әлі де өз мүмкіндігін түгеспеді, өткен ғасырдың отызыншы жылдары мемлекетіміздегі түйе саны 1 млн. 125 мың басты құрап, қазіргі деңгейден 7

есе артық болған. Сол кездері Қазақстан бүкіл әлем бойынша алдыңғы қатарда еді. Тіпті, 1986 жылы Қазақстанда бүкіл КСРО-ның жалпы 50% пайыздан астам түйесі шоғырланған екен. Елімізде яғни жыл сайын 65% пайыздан астам түйе еті, дәл сондай түйе жүні өнімдерімен барлық түйе сүтінен (шұбат) өндірілген. Түйе шаруашылығының қазіргі жағдайына қарамастан біздің еліміз дүние жүзінде түйе өсіру озық деп саналады. Бірақ қазіргі кезде түйе жүні өнімдеріне сұраныстың артуы жоғары. Сондықтан бүгінгі таңда елімізде түйе шаруашылығын дамытуға оңтайлы көңіл бөлу керек.

Ғылыми жетекшісі: Б.Мүтәліпқызы, э.ғ.к., доцент